ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 9 қаңтар №5265-25-00-2/4529 Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Есенбаев Е.М оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "№4 қалалық емхана" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Алсатова Индира Турсуновна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226, 267-3, 267-4-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "№4 қалалық емхана" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы -қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Алсатова Индира Турсуновна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Алсатова Индира Турсуновнадан Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "№4 қалалық емхана" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына 27 328 (жиырма жеті мың үш жүз жиырма сегіз) тенге тұрақсыздық және 820 (сегіз жүз жиырма) тенге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Алсатова Индира Турсуновнадан мемлекеттің пайдасына 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Есенбаев Е. М., 09.01.2026
Заңды күшіне енген күні: 18.02.2026, судья Есенбаев Е. М., 25.02.2026
5265-25-3-1/4635

АПК-нің 267-4-бабының 2-бөлігіне сәйкес жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Сот шешіміне наразы жақ осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Есенбаев Е.М**

Құжатқа қол қойылған: Есенбаев Е. М., 09.01.2026

Заңды күшіне енген күні: 18.02.2026, судья Есенбаев Е. М., 25.02.2026

5265-25-3-1/4635